

Иманмолдаева Бақыттыжамал Заманханқызының
6D020100 - Философия мамандығы бойынша философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін «Ұрпақтар сабақтастығы феномені - ұлттық бірегейлікті
сақтаудың маңызды факторы: әлеуметтік-философиялық талдау»
тақырыбындағы диссертациясына

АНДАТПА

Зерттеу тақырыбы: ұрпақтар сабақтастығы феномені - ұлттық бірегейлікті сақтаудың маңызды факторы: әлеуметтік-философиялық талдау.

Зерттеудің мақсаты: ұрпақтар сабақтастығының ұлттық бірегейлікті қалыптастырушы басты факторлардың бірі екендігін әлеуметтік-философиялық тұрғыдан талдау және ұлттық бірегейлік мәселесінің жаһандану жағдайындағы болашағына зер салу.

Зерттеудің міндеттері:

- ұрпақтар сабақтастығын логикалық негізде талдап, оның әлеуметтік-мәдени аспектілерін зерделеп, «ұрпақ» және «сабақтастық» ұғымдарының ара байланысын көрсету;

- ұрпақтар сабақтастығының табиғи-биологиялық, тарихилық, саяси-әлеуметтік, психологиялық және т.б. факторларын жіктеп, оның философиялық-теориялық интерпретациясын құрастыру;

- ұлттық бірегейлік ұғымын жан-жақты талдап, оның мән-маңызына үңіліп, философиялық рефлексиядан өткізу, дәйекті логикалық анықтамасын негіздеу;

- ұлттық бірегейлікті қалыптастырудағы ұрпақтар сабақтастығы категориясының мәні мен маңызын әлеуметтік-философиялық тұрғыдан ашып беру;

- қазіргі замандағы ақпараттық кеңістік аясында ұлттық қауіпсіздікті сақтау негізінде ұлт өміршеңдігінің ұрпақтар сабақтастығы арқылы жалғасуының идеялық негіздерін ұсына отырып, қауіп-қатерлердің алдын алудың жолдарын көрсету;

- мультикультурализм үдерісі аясындағы еліміздегі ұлттық құндылықтардың сақталуы мен оның тасымалдануын қазіргі ұрпақтардың ділі арқылы саралау;

- бүгінгі жаһандану дәуіріндегі ұрпақтар сабақтастығының ұлттық бірегейлікті сақтаудағы маңызы мен рөлінің астарларын әлеуметтік-философиялық негізде талдай отырып, «Ел бірлігі» мұраттарындағы ұрпақтар сабақтастығы ұлттық бірегейлікті жетілдірудің стратегиясын анықтайтынын футурологиялық негізде бағамдау.

Зерттеу әдістері: Зерттеу жұмысында қойылған міндеттерді жүзеге асыруда тарихилық пен логикалықтың нақты бірлігі әдісі – көне заманнан қалыптасқан ұлттық рух пен қазіргі дәуірдегі ұлттық идеяның сабақтастығы мәселесін зерделеуде, тұтастық пен жүйелілік принциптері – осы мирасқорлықтың өзіндік қисынын ашып беруде, синергетикалық тәсіл – ұлттық болмыстың өздігінен реттелетін жүйе және ашық жүйелердің бифуркациясы екендігін саралауда, философиялық герменевтика, феноменология идеялары – ұрпақтар сабақтастығы және ұлттық бірегейлік мәселелерін мәтіндер негізінде зерделеп, оның санадағы көріністерін саралауда, психоанализ әдісі – ұлттық сана астарындағы түйткілдерді түсіндіріп беруде, генетикалық әдіс – аталған тақырып бойынша әрбір құбылыстың шығу тегін тереңірек ашып көрсетуде пайдаланылды. Бұл көрсетілген әдістер диалектикалық – логикалық тұрғыда абстрактіліктен нақтылыққа өту әдіснамасына сай ұтымды түрде қолданылып, ақиқат нәтижелерге қол жеткізуге ықпалын тигізді.

Қорғауға ұсынылатын негізгі ережелер (дәлелденген ғылыми гипотезалар және жаңа білім болып табылатын басқада қорытындылар):

- ұрпақ және сабақтастық ұғымдарын жеке-жеке логикалық тұрғыдан таразылап, екеуінің арабайланысы анықталды. Сабақтастық өткен мен бүгіннің және болашақтың арасындағы мирасқорлық, үздіксіздік, жалғастық арқылы жүзеге асатын эволюциялық заңды үдеріс. Ұрпақтар сабақтастығы адамзат дамуының қажетті және түбегейлі шарты болып табылады.

- қоғамның дамуы ұрпақтар алмасуы негізінде жүзеге асады, сондықтан олардың арасында сабақтастықтың түзілуі терең әлеуметтік-психологиялық астары бар қажетті құбылыс. Адамзат өміріндегі әрбір ұрпақ шығармашылық әлеуеті мол индивидтердің қоғамдастығын құрайды және осы ұрпақтардың белсенді іс-әрекетінің нәтижесінде қоғам сабақтаса дамып, мәдени-рухани прогресс орын алады.

- ұлттық бірегейлік концептіне терең бойлау үшін ұлт, этнос, ұлтшылдық, этностық ұлт, азаматтық ұлт тәріздес ұғымдарға зер салып, олардың диалектикалық қайшылыққа толы арақатынасына негізделіп, «ұлт-мемлекет» сияқты жасанды ұғымның қажетсіздігі дәлелденді. Ұлттық қоғамдастық өкілдеріне терең «бауырмалдылық қарым-қатынас» тән екені ескеріліп, әлеуметтік практика жүзінде таза «азаматтық ұлт» идеясының көкжиегі шектеулі екендігі көрсетілді.

- «ұрпақтар сабақтастығы» және «ұлттық бірегейлік» ұғымдарын біріктіре зерттеудің логикалық, әлеуметтік-философиялық қырлары зерделеніп, олардың өзара байланысын ұғынудың теориялық-әдіснамалық тұғырнамасы жасалып, ұлттық бірегейлік мәселесінің жаңа бір қыры нақтылы зерттеу пәніне айналып, оны сақтау мен дамытудың басты бір тетігі осында жатқандығы дәлелді негізделді.

- ұлт болмысындағы бірегейлікке дүниежүзінде жүргізіліп жатқан әртүрлі идеологиялық үрдістер кері әсер етуі ықтимал болғандықтан, ұлттық қауіпсіздік стратегиясында оларды ашып көрсету маңызды. Еліміздегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету мен оны сақтау тетіктерінің нұсқалары әлеуметтік-философиялық негізде сарапталып, олардың оңтайлы жүйесі ұсынылды. Ұлттық бірегейліктің түп негізінде «бауырмалдық қарым-қатынастармен» қатар, ұлттық сана-сезім мен рухани құндылықтардың, қазақы салт-дәстүрлердің, қазақылық қасиеттердің жатқаны мәдени - философиялық тұрғыдан негізделді.

- қазіргі постмодернизм мен мультикультурализмнің ұлттық бірегейлікті сақтауға қатысты қырларын сыни зерделеу маңызды мәселелердің бірі. Бұл еліміз ұстанып отырған ұлттық идея аясындағы тұғырнамаларға, этностың тарихи және әлеуметтік болмысының бірегейлігін сақтауда маңызды стратегиялық бағдарларға сай келеді және оның философиялық саралаудан туындайтын негіздемелері бар. Рухани жаңғыру үдерісінде өркениеттің осындай жаңа ырғақтарын қазақы дүниетаным негізінде қорытып, әлемдік мәдениет пен өркениеттің даму үдерісімен әрдайым үйлесімді қарым-қатынасқа ұмтылудың ұлттық ділімізді шыңдай түсудегі маңыздылығы көрсетілді.

- «Әділетті Қазақстан» құру және «Ел бірлігі» идеясының аясындағы ұлттық бірегейлікті одан әрі нығайта түсудің перспективалары ашылып, теориялық тұрғыдан өткен мен бүгіннің, бүгін мен болашақтың сабақтастығы арқылы ғылыми болжамдар жасалды. Жастарды тәрбиелеу, оқыту, адами капиталды баптау, өз елімізде талант иелерін өсіруге, ұлтшыл, отаншыл жастарымыздың қалыптасуына барлық

жағдайларды жасауға көңіл бөлу, олардың «ел азаматы» ретінде өздерін емін-еркін сезініп, әлемдік өркениеттің дамуына айтарлықтай өз үлесін қосуға мүмкіндіктер туғызу отандық бірегейлік саясатының басты міндеті болуы тиіс.

Зерттеудің негізгі нәтижелері: зерттеудің философиялық-әдіснамалық негіздемелері жасалды, «ұлттық бірегейлік» және «ұрпақтар сабақтастығы» ұғымдарының мазмұны айқындалып, ұлттық бірегейлікті сақтау мен оны жетілдірудегі ұрпақтар сабақтастығының әлеуеті кеңінен зерделеніп, қазақ халқының бірлігі мен тірлігінің болашағы туралы «Ел бірлігі» идеясы мен «Жаңа Қазақстан» стратегиясының аясында герменевтикалық, аксиологиялық, футурологиялық талдаулар жасалып, нақтылы ұсыныстар тұжырымдалды.

Алынған нәтижелердің жаңалығы мен маңыздылығын және ғылыми даму бағыттарына немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігін негіздеу:

- «Ұлттық бірегейлікті сақтаудағы ұрпақтар сабақтастығының орны» элективті курсының бағдарламасы жасалып, оқу жоспарының таңдау пәні компонентіне ұсынылды;

- алынған нәтижелер «Мәдениет философиясы», «Ұлттық бірегейлік мәселелері», «Ұрпақтар сабақтастығы» тақырыбындағы оқу курстарын дайындауда және «Ел бірлігі» идеясы мен «Жаңа Қазақстан» стратегиясының аясында мәдени-әлеуметтік, дүниетанымдық, құндылықтық сипаттағы тұжырымдарды игеруде, жастарды патриоттық рухта тәрбиелеу ісінде пайдаланылуы мүмкін;

- еліміздің тәуелсіздігін нығайтудағы ұлттық бірегейлік ұғымының басты бір маңызы ұлттық саяси идеялогияны дамытып, халқымыздың сана сезімін оятып, жастарды отан сүйгіштік рухта тәрбиелеуге, ұлттық құндылықтарымызды қабылдап, әлемдік өркениеттің биігіне ұмтылдыруға ынталандыра алатын қуаттылығында екені, «Жаңа Қазақстан» стратегиясына сәйкес келетіндігі негізделді.

Нәтиженің жаңалығы мен маңыздылығы:

- сабақтастық ұғымы әлеуметтік-философиялық феномен ретінде бағаланып, оның семантикалық астарлары ашып көрсетілді. Сабақтастық туралы айтылған тұжырымдамалық пайымдаулар жаңаша қорытылып, оның нақтылы логикалық анықтамасы ұсынылды;

- ұрпақтар сабақтастығы ұғымы жан-жақты талданып, оның шығармашылық әлеуеті мол жаңа ұрпақтармен алмасуының жаңаша түсініктемесі берілді;

- бірегейлік ұғымының терең философиялық мағынасына категориялық талдау жасалып, әлеуметтегі көптүрліліктің ерекше бірлігі болып қалыптасатыны негізделіп, оның қайшылыққа толы мазмұны ашылып, адамзат даму тарихындағы және қазіргі кезеңдегі нақты көріністері айқындалды;

- ұрпақтар сабақтастығы мен ұлттық бірегейлік түсініктерінің тарихи-әлеуметтік бастауларын талдай отырып, олардың арабайланысы философиялық рефлексиядан өткізіліп, ұлттық бірегейліктің ұрпақтар сабақтастығы арқылы қалыптасуының түрлі факторлары мен жолдары негізделді;

- жаһандану заманындағы ақпараттық қауіпсіздік аясындағы «Америка гегемониясы», орыстардың отарлаушылық саясатының сарқыншақтары, «арабтандыру» мен исламдандырудың ара жігі, вестернизация, жаһандану және т.б. үдерістерге байланысты ұлттық бірегейлікті сақтаудың нақты тетіктері көрсетілді;

- мультикультурализм жағдайындағы ұлттық бірегейлікті сақтаудың технологиясы ғылыми-теориялық тұрғыдан зерделенді;

- «Ел бірлігі» идеясы мен «Жаңа Қазақстан» стратегиясындағы ұлттық бірегейлікті ұрпақтар сабақтастығы арқылы жетілдіре түсудің перспективасы қазіргі отандық бірегейлік саясатының басты бағыты ретінде ұсынылды.

Докторанттың әрбір басылымды дайындауға қосқан үлесін сипаттау (диссертация авторының үлесі жалпы мәтіннен пайызбен көрсетіледі)

Диссертация тақырыбы бойынша 16 ғылыми мақала жарияланды. Соның ішінде: Scopus базасына енгізілген басылымда 3 мақала, Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда 5 мақала, Қазақстан Республикасындағы ұйымдастырылған халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларында 4 мақала, басқа ғылыми журналдарда 4 мақала жарияланды. Барлық жарияланымдар жүргізілген зерттеу барысында дайындалған.

1. Reflection of the way of the formation of independent Kazakhstan from the perspective of individualism and collectivism. //Opcion. Скопус Venezuela 2018, №.34, Issue 85-2, -p.706-728 IISN: 1012-1587 IISNe: 2477-9385 (Imanmoldayeva B., 70%), (Co-authored by: Kabayeva Zh., 10%); Mussabaev S.,5%); Madalieva Zh., 10%); Karanova Zh., 5%);

2. Patriotic Philosophy Values as a Driving Factor of Development of Kazakhstan. //Utopia y praxis latinoamericana. Ano : 25 n*extra 10, 2020, p. 142-150 revista internacional de filosofia y teoria social cesa – fces – Universidad del zulia Maracaibo-Venezuela ISSN 1316-5216 / ISSN-e: 2477-9555 (Imanmoldayeva B., 70%), (Co-authored by: Kabayeva Zh., 10%; Madalieva Zh., 10%; Zhanbayeva Zh., 10%);

3. Consent Strategies: Cultural and Civilizational Paradigms for Communicative Rationality and Axiological Identity. //Philosophies (ISSN 2409-9287) on November 2022, 7, 129. (Imanmoldayeva B., 70%), (Co-authored by: Yerzhanova A., 20%; Madalieva Zh., 5%; Rakhimova G., 5%);

4. Историческая преемственность поколений в общественном развитии и прогресса. //The European Association of pedagogues, psychologists and medics Science”, Vienna, Austria. International scientific professional periodical journal «The unity of science» December 2019 — January 2020 - p.19-21 (Иманмолдаева Б.З., 100%);

5. Образ и место человека в мифологии и эпосе. //Научно-практический Журнал «Современная наука: актуальные проблемы теории и практики». Серия «Познание». - Россия, Москва. – 2022. - № 1, (январь) (вак - 09.00.00, 19.00.00, 24.00.00) Issn 2500-3682 – с.73-76 (Иманмолдаева Б.З., 80%), (Қосалқы авторлар: Мадалиева Ж.К., 10%); Матжанова К.К., 10%);

6. Divanü Lugat-it-Türk'te Türk Kültürünün referansları. //Türk dili ve araştırmaları .T.C.Kültür ve Turizm bakanlığı .Yayıncı sertifikası numarası 44040. İSBN:978-625-8414-27-1. Palet Yayınları. Konya, temmuz 2022, s.570-575 (Иманмолдаева Б.З., 80%), (Қосалқы автор: Шахин Филиз., 20%);

7. «Ұрпақ» ұғымы қоғамдық ғылымдар жүйесінде. //Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршысы. «Әлеуметтану және саяси ғылымдар» сериясы. - А.: - 2019. -№3, - б.88 - 92 (Иманмолдаева Б.З., 100%);

8. Бірегейлік және ұлттық бірегейлік ұғымының концептуалды негіздері. // ҚР Білім және Ғылым министрлігінің ғылым комитеті, философия, саясаттану және дінтану институты. «Әл - Фараби» әлеуметтік - гуманитарлық зерттеулер журналы – 2020. - №1 (69) - б.88–97 (Иманмолдаева Б.З., 100%);

9. «Мәңгілік ел» идеясы аясында ұлттық бірегейлікті жетілдірудің әлеуметтік - философиялық бағыттары. Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршысы. «Әлеуметтану және саяси ғылымдар» сериясы. -Алматы, 2020. №1, -б.78-83 (Иманмолдаева Б.З., 100%);

10. Ұлттық бірегейлікті сақтаудағы діни сенімнің рухани сабақтастығы. Яссауи университетінің Хабаршысы ғылыми журналы. Түркістан, 2020. №3 (117) - б. 49-59 (Иманмолдаева Б.З., 100%);

11. Гуманитарлық білім жүйесіндегі руханилық: логикалық-әдістемелік аспектілер. //ҚР Білім және Ғылым министрлігінің ғылым комитеті, философия, саясаттану және дінтану институты. «Әл - Фараби» әлеуметтік - гуманитарлық зерттеулер журналы - 2020. -№4 (72) - б.72–83 (Иманмолдаева Б.З., 80%), (Қосалқы автор: Дусипова А., 20%);

12. Scientific bases of preserving national identity through the succession of generations. //Современная наука: Актуальные вопросы, достижения и инновации: сборник статей XIII Международной научно практической конференции. В 2 ч. Ч.1. – Пенза МЦНС «Наука и Просвещение». - 2020. - с.146 (Иманмолдаева Б.З., 100%);

13. Алаш идеясы және қазіргі қоғам. //Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі Алаш Орда үкіметі мен Алаш қозғалысының 100-жылдық мерейтойына арналған Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. қараша, 2017 ж. – Астана, 2017. - б. 464-467 (Иманмолдаева Б.З., 100%);

14. Ұрпақтар сабақтастығы негізінде ұлттық бірегейлікті сақтаудың кейбір мәселелері. //«Алтын орда мемлекетінің 750 жылдығына арналған «Алтын Орда мемлекеті: тарихы мен тағылымы» атты Халықаралық ғылыми - тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы. – Нұр-Сұлтан: «Bilim-órkenieti» ұлттық инновациялық ғылыми-зерттеу орталығы», - 2019., I том. - б.124-130 (Иманмолдаева Б.З., 100%);

15. «Мәңгілік ел» ұлттық идеясының концептуалды негіздері. //«Тұлға. Таным. Шығармашылық» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдар жинағы. "Қыздар университеті" баспасы. Алматы, 2020. – б.112-116 (Иманмолдаева Б.З., 100%);

16. Ұрпақтар сабақтастығының тарихи-әлеуметтік негіздері. //Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдық мерейтойына арналған «Ахмет Байтұрсынұлы – Ағартушы – Ғалым, Гуманист» - атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ: «Ұлағат» баспасы, 2022. - б. 220 – 224 (Иманмолдаева Б.З., 100%).